

Серік  
Абдуллаұлы


ТАҢДАМАЛЫ  
ШЫҒАРМАЛАР  
ЖИНАҒЫ


1

Орман кыргыздары  
Кыргыз Республикасы

Абз

24.02.10.






*Hodgkinson* -





Серік  
Абдуллаұлы



ТАҢДАМАЛЫ  
ШЫҒАРМАЛАР  
ЖИНАҒЫ

1



Алматы  
2007

ББК 84 Қаз 7-5

F 13

Ғабдуллаұлы С.

Таңдамалы. 1 том.— Алматы: ҚАЗАқпарат 2007.  
— 336 бет.

ISBN 9965-824-04-5



Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған екі томдық таңдамалы өлеңдер жинағының бірінші томына қазақтың белгілі ақыны Серік Ғабдуллаұлының соңғы ширек ғасыр ішінде дүниеге келген бір топ жырлары сұрыпталып алынды. Кітап биыл жетпіс жасқа толып отырған ақынның оқырмандар алдындағы есебі десе де болады.

ББК 84 Қаз 7-5

F 4702250202  
00 (05) 07

ISBN 9965-824-04-5

© С. Ғабдуллаұлы,



## ЖОҚШЫ НЕМЕСЕ АҚЫН НЕГЕ ӨЛЕҢ ЖАЗАДЫ?

Қазақ өлең оқымайды дегенге сену қиын. Бірақ ақын атаулының “ауылда туып, астанада өлетініне” сенетін, өзі жанындай жақсы көретін ақынының сүйегі Жазушылар Одағының Ақ үйінен шыққанын қалайтын ақкөңіл қазақ оқырманының ақындар жайлы, өлең жайлы қалыптасқан өз пікірі бар. “Ақылды болсаң, неге бай емессің?” дейтін аңқаулау анекдоттағы секілді: “Ақын болса, Алматыда жүрер еді ғой” немесе “Мен оны оқымаппын, жарнамасы аз болар, сірә” дегенге саяды. Шынында да қазіргідей ақпарат тасқыны кезінде жарнамасыз күн көрудің қиын екенін мойындау қажет.

Көпшілік қолды оқырман ақын мен өлеңнің өзіне емес, жарнамасына сенетіні қызық. Ал ауылда (провинцияда) тұратын ақынның соры бес елі екені тағы белгілі. “Жарнаманы” былай қойғанда, “өзгенікін — түйедей, өзінікін — түймедей” (Мұқағали) көретін қазекем өзі де, көзі де үйренген ақынын көзі тірісінде ұлылық аулына қалай қисын-ай...

Ұзақ жылдық еңбегінің жемісі іспеттес өлеңдер жинағын оқырманға ұсынып отырған Серік

Ғабдуллаұлына бұл пікірдің қатысы болмауы да мүмкін. Серік “жарнамасыз” ақын емес. Құдайға шүкір, атын ел біледі, білмеген жан болса, оған қиналып жатқан Секең жоқ.

Бұл күнде ішім — түтін, сыртым — бүтін,  
Десем де жанарымда іркілді күн.  
Жүрегім жанартаудай жұлқынады,  
Аспанға атылардай дүркін-дүркін, — деп жүре береді.

Күнделік көтерме сөзді, ағайын ішіндегі аздықөпті абыройды былай қойғанда, өлеңнен ақша тауып, бала асырап отырған ақын ауылда кемде-кем. Осыны біле тұра ақын неге өлең жазады? Секең де:

Мен ештеңе сұрамаймын Құдайдан,  
Жүрегіме құйылады нұр Айдан.  
Өзегіме талшық болып өлеңім,  
Көтереді көңілімді мұңайған, — деп өзін-өзі жұбатқан екен. Жанын жалдап, жүрегін жаралап өлең жазатын, бүкіл ғұмырын өзін де, өзгені де жұбатуға арнайтын ақындардың жанын түсініп көріңіз енді...

Меніңше Серік-ақын өлеңді жан сарайы ашылғанда жазатын болуы керек.

Кірпігіме бір тамшы ілінгендей,  
(Қайда жүргем, апыр-ау, бұрын келмей!?)  
Періштедей тап-таза мына жалған,  
Сезінемін өліп қап тірілгендей, — дейді.  
Серік-ақын өлеңді ашынғанда жазатын болуы керек.

Өзіне дос па, әлде, қас па адам,  
Иттерін күшігінде жасқамаған.

Әйтеуір бір қабарын білген кезде,  
Ертерек атып неге тастамаған? — дейді.

Серік-ақын өлеңді жаны жасып, аһ ұрғанда  
жазатын болуы керек.

Қорықпай қайтсін Жасаған,  
Барады пенде күш бермей.

Мас өмір,

Мас тән,

Мас “адам”,

Тірліктің қанын ішкендей, — дейді.

Қалай десек те ең алдымен поэзия атты тылсым  
дүниенің кілтін ұстаған ақын жұрттың көңіліне  
қарап жатсын ба, — жазған, жазған үстіне жаза да  
береді.

Кез-келген тіршілік иесі рухани жағынан ға-  
рыш әлемімен байланыста ғұмыр кешеді деседі.  
Жер атты жалқы планетаны мекен еткен саналы  
тіршілік иелері даму деңгейі жөнінен, ғарышпен  
байланысы жөнінен бірнеше сатыда тұр дегенді  
айтады. Ең жоғарғы сатыда — пайғамбарлар тұрса,  
одан кейінгі орынды — сахабалар алады екен. Ал  
әулие-әнбиелер мен ақындар қауымы жүлделі үшін-  
ші сатыдан орын теуіпті. Қалай дегенде де ақын  
атаулының өзіміз мекен ететін пенделік ауылынан  
алыстау қонғаны қандай жақсы!? Осы орайда Серік-  
ақынның:

Періштемін дегенмен,

Періштелік жазбаған.

Адамдықтан ақыры пенделер жоқ азбаған.

Талқысында тағдырдың тыныс деген тарылды.

Жалғаным — жап-жалаңаш,

Дүние — көсе,

таз — ғалам!..



Жүрегімде әйтеуір имандық бар аздаған,- деп айтуға толық хақы бар.

Қыл-көпірден Құдайың құлатпауы үшін де,  
Сайтандықтан сейіліп,  
Кір періште пішінге!..

Ібілістің ұрпағы сыртқа шықпай тұншығып,  
Шараналық кезінде өліп қалсын ішінде, — деп айта алған ақынның даму сатысындағы орны өзіміз секілді пенделерден бір саты болса да жоғары екені сенесің.

Ғарышпен байланыста екеніне сене тұра, ақынның пайғамбар да, әулие де емес екенін мойындауымыз керек. Ақын ең алдымен — жоқшы. Адам жанының, адам рухының жоқшысы болса, ақын әлемі — адам жанының зертханасы. Үлкенді-кішілі жарылыстар осында жасалады.

Өлеңнен мазмұнды ой мен мығым ұйқас іздейтін “поэзияның балалық дәуірі” алыста қалған қазіргі заманда ақын үшін өлең өлкесінен ойып тұрып орын алу оңай емес. Серік Ғабдуллаұлы шығармашылығын үзбей қадағалап, ақын өлеңдерін іздеп оқитын оқырман ретінде бір байқағаным — оның қолтаңбасының айқындығы, өлеңдерінің құрылымдық, мазмұндық жағынан тұтастығы. Серік әлеміне саяхат шеккен оқырман мына ұланғайыр әлемде ұзақ-сонар сапарда келе жатқандай әсер алады. Бұралаң, бұрылысы, қалтарысы мол осынау әлемде адаспас үшін ақын сөзіне сенуге мәжбүрсіз. Өйткені ол ақын жүрегінен өтіп, ақын жанының зертханасында сыналып барып қағазға түскен СӨЗ... Сөз болғанда ақын алақанының табы, ақын жүрегінің лүпілі сақталып қалған құдіретті СӨЗ. Жүз жылдан, мың жылдан

кейін де екі иінінен дем алып, жүрегі бүлкілдей соғып тұратын тірі СӨЗ...

Криминалистика ғылымында бір қызық тәсіл бар. Қылмыс орнында табиғи иіс сақталып қалатындықтан, герметикалық ыдыста ұсталған сол иіс арқылы көптеген жылдардан соң қылмыскерді тауып алу мүмкін деседі. Қолтаңбаны былай қойғанда, өлеңде де иіс, дәм, ең бастысы, жан бар. Ақынның сезім сәтіндегі ашынуы мен аһ ұруы өлеңінде десек, болашақ “криминалист-ұрпақ” үшін шын өлеңді танып алу оншалық қиындыққа түспесе керек.

Жоңына жолдың қақ тұрып,

Таяды желдің табаны,

Шапанын шешіп лақтырып,

Қоңыр күз қашып барады.

Өңір де...

Жүдеу көңіл де.

Күлкісін ұрлап алғандай.

Айналып тірлік темірге,

Дүние қатып қалғандай,- деп жырлаған Серік-ақынның не себепті өлең жазып жүргенін енді ғана түсінген секілдімін.

Ақын өлеңді жазбай тұра алмайтын болған соң жазады деген сөзге сенбеске лаж жоқ.

Енді бір сәтке сол құдіретті СӨЗГЕ құлақ түрейікші, оқырман!

**Серік БАЙХОНОВ**

Бірінші ағын —

# Ар дауысы





## Ұланым

Ұланым, Сенің қойныңнан,  
Аналық иісің аңқиды.  
Уызын беріп тойдырған,  
Балауса буын балқиды.


Ұланым, жусан иісің,  
Сепкендей жұпар жаньыма.  
Тірліктен кетсе күйісім,  
Ұмтылам аппақ таңыңа.

Ұланым, махаббатымды,  
Жеткізе алман тілменен.  
Аналық асыл атыңды,  
теңеймін күлген күнге мен.

Ұланым, құшақ ашқаның,  
Сағыныш шығар сарғайған.  
Өтеді өмір қас-қағым,  
Шірене тартып шалғайдан.

Көп жасап, көпті көргенмен,  
Сен үшін сәби күйдемін.  
Күтпеймін орын төрден мен,  
Өзімді туган үйдемін.

Сәбилік шақтың қызығын,  
Жіберсең жанға төгіп кеп,  
Көңілде жүрген қыжылым,  
Кетеді сәтте көбік боп.



## ҚҰРДАСТАРЫМ

Құрдастарым,  
басымыз бір қосылып  
қалған екен,  
неге отырмыз тосылып?!  
Баяғы би,  
әуелеген ән қайда,  
жастық шақта жататұғын жосылып?!

Көктемдегі көкөрімдей көгердік,  
Қуанышты көкірекке шөгердік.  
Алтын күннің арайымен апталған  
көңіл қайда,  
махаббатын төгерлік?!

Егіздердей етенеміз,  
құрдаспыз,  
Қайда мұңлы,  
Нұрлы жігіт,  
Сырлас қыз?!  
Көкжиекке тіреп қойып табанды,  
ән салайық,  
мәңгі — бақи тұрмаспыз.

## ӘУЛИЕ ЖАНДАР

Отырмын түнде жыр жазып,  
Санадан саяқ сыр қазып.  
Таусылған кені шахтадай,  
түйірін тапсаң,  
бұл да азық.

Жүйесін жіктеп ойыңның,  
(Буынын іздеп мойыңның.)



Ташқанда,  
толар шаттыққа  
бұрқырап қоншы — қойының.

Ақын да кенші — адамы,  
Қолында қайла — қаламы.  
Опырып ойдың астарын,  
Асылын тауып алады.

Құдайдан былай ол кезде,  
Бақыт та бөлек,  
сор да өзге...  
Қиялы кетер қыдырып,  
дәруіш кезбе,  
жолкезбе.

Жия алмай сезім қанатын,  
талпынған топшы талатын...  
Ұшатын,  
қайта қонбайтын,  
Әулие жандар — бар Ақын.



Бал татыған балалық базарында  
жүретінмін құлын — күн назарында,  
Отауында ойынның от лаулатып,  
Қайнайтынмын қуаныш қазанында.

Сәбиліктің сәнге орап салтанатын,  
Құмарлықтың құрышы тарқалатын.  
Бетін жуып нөсермен тазарған Күн  
Жанарынан тамшылап бал таматын.



Балалық — ай,  
білмейтін азап атын,  
Жайдақ мінген қызықтың қазанатын.  
Қунап кіріп қуаныш құшағына,  
Ақ сүтіндей Ананың тазаратын.



Алғашқы жұтқан ауаңның  
кермегін тартқан кезінде,  
Жауабын тапшай сауалдың,  
Салмағы түсті — ау сезімге?!

Өмірге ендің зар илеп,  
Сақина салды салқындық.  
Көңілің көксеп ғанибет,  
Қаладың жанға жарқын құт.

Аярлық және баялық  
жолықты көзді ашқаннан.  
Ораған қымбат жаялық  
ырқыңа шалма тастаған.

Лүпілдеп соққан жүрегің  
«Бекер-ақ келдім!» — деді ме?!  
Түркінің елі тірегің,  
тудың ба тартып тегіңе?

Шикі өкпе қалпың торалып,  
тілдестің тірі ғаламмен...  
Бататын Күнмен жоғалып,  
Өмірден өтіп барам мен...



## ЖАҚСЫ ӨМІР

«Жақсы өмірді» түсінемін қалай мен,  
Сырласамын сәуле сепкен араймен.  
Адам жаны — жұмбағы көп құбылыс,  
Көмбесінде қатпарланған талай кен.

«Жақсы өмір» — табыну мен құлшылық,  
Соқыр сезім емес,  
сенім,  
жыршы үміт.  
Сығаласаң саңлауынан санаңның,  
тағдыр жатыр тұманына тұншығып.

«Жақсы өмірге» адам біткен ашқарақ,  
«Жақсы өмір» емес бірақ ас — тамақ...  
Көленкесіз жұмақ та емес Күн күлген,  
«Жақсы өмір» мен білгеннен басқарақ.



Жауыр жыр,  
жауыр өлең,  
жауыр ұйқас...  
Жауыннан қорғалайтын  
сауыр-үй тас,  
былшыққа бұратылған  
кірпіктері ерінген есінеуге  
ауыр ұйқы аш.





Ауыр ұйқы-ауыру,  
өліммен тең,  
Оянбайды-ау көсіліп төрінде  
ертең!?!  
Жалын жалап,  
лапылдап лауламаса,  
көкөрімдей көктемес  
көңілде өртең.

Ауыр ұйқы-өліммен тең...



Ала ма?  
Ала — ала бұлт,  
Қара ма?  
Қара — қарақұрт.  
Оқу өтіп кеткенде,  
дана ма?  
Дана — «дана қырт».  
Жалған ба?  
Жалған — жалған шын,  
Өтірік өксіп алдансын...  
Алтайдың аңыз — ауызы  
арман ба?  
Арман — арман шың!

Сана да,  
ой да,  
ақыл да  
тартыста кеткен  
тақымда...  
Бақ та,  
тақ та — бақасың,  
балшықты суда бақылда!



Сағаттарым санаусыз,  
минуттарым мимырт тым.  
Жаға — жеңім жамаусыз,  
ұйқысында ұйлықтым.

Тау дегенім төмпешік  
екенін де кеш ұқтым.  
Көңілімнен ел көшіп,  
жұртта қалып өшіпін.

Келі менен келсаптың  
арасында түйілдім,  
Өлеңге әйтеу ен сапшын,  
сезіміме сүйіндім.

Жентектеліп женттейін,  
отыз тіске басылдым.  
Қалай ісіп, бөртпейін,  
асқазанда жасыдым.

Комбинаттың кеніндей  
бөлшектендім,  
биттемей...  
Қой қораның көңіндей  
телшектендім,  
ит жемей.

Сағаттарым соқпайды,  
бітіп қалған бұрауы...  
Тірлік тынып тоқтайды,  
артында жоқ сұрауы.




Қыбырлайды,  
сыбырлайды желменен  
қара қурай,  
қара күзбен қуарған.  
Өзегінде тұрып қалған  
көлденең,  
бір тамшы уыз  
үрпегінде суалған.

Күздің соңы,  
қыстың басы қыраулы,  
шыныланды  
айдынның «мұз — қаймағы».  
Көкжиекке көлденеңдеп  
күн ауды,  
көлеңкелер бас көтерді  
сайдағы.

Қурай басын  
апшақ қырау қылаулап,  
Самайында  
шиырады ақ шашын.  
Жанарынан  
жас ағады бұлаулап,  
Кірпігіне  
мұздан моншақ таққасын.

Намазшам ба,  
екінті ме, ымырт па...  
Қара шекпен  
сүйреткен күн артында.  
Балапан боп  
үлгермеген жұмыртқа  
домаланып жатыр  
суық қалпында.



Айсыз аспан,  
ашық дала,  
сұрғылт дым,  
Айналаны  
жалаңаштап тонаған.  
Тіршілікті...  
Жыршы үмітті қылғып түн,  
Обалының оқпанына ораған.



Тостыңдар ма туыстасым,  
туғаным,  
Жыландыға жөргегімді жуғамын...  
Армысыңдар, Кеңқияқ пен Кемерім,  
шабындығың саласындай шуданың?!

Армысыңдар,  
Қаражал мен Құтымбет,  
Жамап берші жыртығымды бүтіндеп?!  
Сергіт жанды самалыңмен сыйпалап,  
Сыртым жылтыр,  
ішім жатыр түтіндеп...

Қайран ауыл,  
қайран ескі үй қираған,  
сен едің ғой маған өмір сыйлаған?!  
Жер бетінде жетімсіреп жатырсың,  
заман,  
заман сені, мені қинаған!



## ЖЫЛЫ ҰЯ

Қарлығаш та,  
торғай да ұшып кетіп,  
ұшып келіп,  
жылы ұяға қонбай ма?!  
Аптаптар мен ызғарда,  
демі үскірік мұз — қарда  
жаның,  
тәнің тоңбай ма?!  
Шарлап келіп қиянды,  
тапсаң жылы ұяңды,  
Көңілің шат болмай ма?!

Кең дүниеге сыймасаң,  
тар бөлмеңе сыясың.  
Шүпірлейді балапан,  
аялайды алақан,  
Қалай оны қиясың?...  
Қызуына жылынған,  
өмір мәнін ұғынған  
кім ұмытар ұясын!

Ұя қалса бұзылып,  
көңілінде күз ұлып,  
Суынады көкте Күн.  
Қар жауады қылаулап,  
жөтелесің тұмаурап,  
көлдей көлкіп көк терің...  
Не жетсін мынау жалғанда,  
жұтып — жұтып алғанға  
жылы ұяңның от демін!?



Саған келдім  
табам ба деп таяныш,  
Бір — бірімізге білдірейік аяныш.  
Балақ түріп,  
Жалаңаяқтанайын,  
табанымды қытықтасын баялыш.

Мен де...  
Сен де күз күніндей жуасыш  
қалышыз ғой,  
жайымызды сұрасыш!?  
Іздеп келдім балалықтың іздерін,  
табылар ма күлге көмген қу асық.

Тінткілейтін тобылғы мен бүргенді,  
Балалықтан байқалар ма бір белгі?!  
Жусанымның жұпар иісін жұтайын,  
Баяғыдай түріп тастап іргемді!..

Баяғы жоқ...  
баяны жоқ, ұмытпа!  
Асау арман тоқтағандай құрыққа?!  
Еміренем ескі ауылдың орнына,  
Сиырдайын мөңіреген тұлыпқа...



Сенен де ұяламын,  
Сеңгір Аспан,  
Қабағы қара бұлттың көрге ұласқан!..  
Барады мөлдіреген мейір кетіп,  
айқара ашылатын кең құлаштан.



Жердегі жезөкшелі жалаңаш хал –  
аранның аузындағы арам астар!  
Қарайтып жүрегінді жібермей ме,  
гүл менен күл қосылған аралас бал!?

Әлемнің әлем — жәлем«әйгерімі»,  
Ойлының жайланады қай көңілі!?  
Пенденің пейілінде пайымдалмас  
Жұмақтың жазиралы жайлы өмірі.

Дұғасы дарымайды дуалының,  
уланған уағызы уәлінің.  
Тоғышар тоқтап қалған тоғанында,  
сарсытып сар қамысы су ағынын.

Тартылған теңізден тұз түзіледі,  
үміттің арқау жібі үзіледі...  
Қара бұлт,  
қара жауын,  
қара батпақ...  
Қарайып бара жатыр күз реңі...



Аласарып қалғансың ба,  
Боранбай?..  
Басыңа бұлт оранбай?!  
Марал мүйіз қарағаның шоқпардай  
болушы еді,  
ал тобылғың томардай.

Солқылдаған саумалдығы сырықтай,  
тарғыл жуа құрықтай...  
Шалқаласаң шалғынына оранып,  
Жібермейтін тынысыңды тұнытпай.



Жас бұлақты,  
тас бұлақты кәрілік  
иектепті тұма көзі жабылып.  
Көлеңкесіз көңіліңнің көрігін  
келіп едім сағынып,  
Жүрек қалды жабығып...



Алауладым,  
Жалауладым,  
өртендім,  
Есігінен енейін деп ертеңнің.  
Көңілімнің төріндегі қуаныш  
аспанымның көгіндегі көркем Күн.

Тебірендім,  
емірендім,  
сүйсіндім,  
Кетбұғаның қобызынан күй сіндің.  
Қорқыт бабам қобалжытқан көңілін,  
Пәтуасыз пәни жанын түйсіндім.

Өлеңімнің өзегінен өтердей  
өмірімнің өрісінде от өрмей,  
Жүрегімнің жұмылады саусағы,  
тамырымда қан қызуын көтермей.

Құлқынында қыдырмаса бір кесім,  
Итің қалай иесіне үрмесін?!  
Еңкейген Күн етегіне жармастым,  
тіршіліктің талқан қылып түрмесін...